

**Ғылыми жобаның атауы:** ЖРН №АР23489419 «Дегерес қой тұқымының өнімді қасиеттерін жетілдіру үшін еділбай тұқымының генетикалық потенциалын пайдалану.».

**Ғылыми жобаның өзектілігі:**

Осы уақытқа дейінгі негізгі проблемалардың бірі ол еліміздің ет өндірісін ұлғайту және қамтамасыз ету болып келеді. Бұл мәселені шешудің басты әл ауқаты ол ветеринариялық тұрғыдан жануарлардың саулығы мен отандық және импорттық селекциядағы қойлардың генетикалық ресурстарын ұтымды пайдалану, ет және жүн өнімдеріне жем-шөп қоректік заттарын тиімді тұтыну бойынша жануарлардың генетикалық потенциалын неғұрлым толық іске асыру және жергілікті жем-шөп ресурстарын барынша қолдану, өндіріске озық технологиялар мен биотехнологияларды енгізуді бойынша тиімді түрде жүзеге асыру қажет.

Қазіргі уақытта қойлардың жоғары сапалы жас қой тұқымдарын шаруашылықта іріктеу негізінде еттері және майлары халықаралық нарықта үлкен сұранысқа ие. Осыған байланысты, қой етінің майлы тұқымдарының генетикалық потенциалын және комбинацияларын жоспарлы пайдалану негізде құнды биологиялық қасиеттермен үйлесетін жоғары ет өнімділігі мен шоғырландырылған тұқым қуалаушылығы бар перспективалы популяцияларды құру, бұл, әрине, осы саланың рентабельділігін тез көтеру үшін пайдаланылуы тиіс бірегей мүмкіндік болып табылады. Қойылған міндеттерді шешудің маңызды және тиімді шешімі ол тұқымаралық шағылыстыру (будандастыру) қажет етіледі.

Соңғы он жылдықта фенотиптік деректерді молекулалық генетикамен бірге қолдану арқылы жануарлардың өнімділігі жақсарды. Үй жануарларындағы сандық белгілерді көптеген гендер бақылайды, олардың әрқайсысы шамалы әсер етеді, бірақ кейбір гендер ерекше көрсеткіштерге айтарлықтай әсер ететіні бар (белгі). Бұл гендердегі мутациялар кейде белгінің (фенотиптің) экспрессиясының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Демек, белсенді гендер мен мутацияларды анықтау. Жануарлар популяциясы оның өнімділігін жақсартудағы негізгі қадам болуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандарға байланысты тұқымдардың, әсіресе қой етінің генетикалық потенциалын пайдалану арқылы ет өндірісін ұлғайту мәселесі мал шаруашылығы саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жоба Дегерес қойларында Еділбай тұқымының генетикалық ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді:

Жобаның мәні келесіде, Дегерес тұқымды қойларды будандастыру (қан алмастыру) нәтижесінде еділбай тұқымын өндіруші қошқарлардың тұқымымен бірінші будандардың тірі салмағы жоғарылайды, ерте жетіледі, сондай-ақ будандардың ет өнімділігі артады, жақсартылған будандар алынатын болады. Алғашқы рет ДНҚ маркерлерінің кең спектрі бойынша отандық қой тұқымдарының молекулалық-генетикалық ерекшеліктері зерттелетін болады. DGAT1, POU1F1, IGF-1, CAST гендерінің полиморфизмі жүргізіледі және қойлардың селекциялық белгілерімен ассоциативті байланыстары зерттеледі.

**Жұмыстың мақсаты:** Дегерес тұқымының өнімділік қасиеттерін артыру үшін Еділбай тұқымдарының қошқарларының генетикалық потенциалын пайдалану болып табылады.

**Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:**

- ДНК маркерлерінің кең спектрі бойынша отандық қой тұқымдарының молекулалық-генетикалық ерекшеліктері зерттелетін болады. DGAT1, POU1F1, IGF-1, CAST гендерінің полиморфизмі жүргізіледі және қойлардың селекциялық белгілерімен ассоциативті байланыстары зерттеледі;

- ұшалардың сорттық және морфологиялық құрамына ветеринариялық-санитариялық бағалау өтеді, дегерес тұқымын, таза тұқымды қойлардан алынған бірінші будандардың етінің сапалық көрсеткіштері мен тағамдық құндылығын зерттеу жүргізілді;

- dgat1, POU1F1, IGF-1, CAST полиморфты гендерінің таза тұқымды қойлардың өнімділік қасиеттеріне корреляциялық статистикалық талдау жүргізіледі;

- дегерес тұқымды қойларды будандастыру (қан алмастыру) нәтижесінде еділбай тұқымын өндіруші қошқарлардың тұқымымен бірінші ұрпақ будандардың тірі салмағы жоғарылайды, ерте жетіледі, сондай-ақ будандардың ет өнімділігі артады, жақсартылған будандар алынатын болады;

- Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында кемінде 50 (елу) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдардан кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолулар жарияланады;

- ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе ғылыми басылымдардағы шолулар жарияланды;

Ғылыми өнімнің мақсатты тұтынушылары: фермерлік қой шаруашылығы және жеке кәсіпкерлер; жоғары оқу орындары мен арнаулы орта оқу орындарының білім алушылары; қой өнімін тұтынушылар; кафелер, мейрамханалар; зоотехниктер мен ветеринарлық дәрігерлер.

**Ғылыми зерттеу тобының мүшелері:**

**Ғылыми жоба жетекшісі:** Бегенова А.Б., ветеринариялық ғылымдарының кандидаты, доцент, кафедра меңгерушісі Индекс Хирша (h-index)-1, профиль (ORCID:<https://orcid.org/0000-0001-6642-5616>). ID: 57194221628.

**Зерттеу тобының мүшелері:**

Нұргүлсім Қ., PhD доктор, жобадағы қызметі – жетекші ғылыми қызметкер. Индекс Хирша (h-index) -4, (<https://orcid.org/0000-0001-8160-9747>).

Бисенгалиев Р. ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, жобадағы қызметі – жетекші ғылыми қызметкер. Индекс Хирша (h-index) -1, (<https://orcid.org/0000-0002-2627-7396> ).

Кульмагамбетов Т.И., ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент, жобадағы қызметі – жетекші ғылыми қызметкер. Индекс Хирша (h-index) -1, профиль (<https://orcid.org/0000-0002-1074-2150> ), ID: 57216881223 .

Ахатаева Ж., доктор PhD, жобадағы қызметі – Аға ғылыми қызметкер.  
Индекс Хирша (h-index) -8, Профиль (<https://orcid.org/0000-0001-6824-3613> ),  
ID – 57216437591.

Омарова А,Б PhD доктор, жобадағы қызметі – Аға ғылыми қызметкер.  
Профиль ( <https://orcid.org/0000-0002-9255-1672> ) ID: 57210188035

Отеева Г.М., техникалық ғылымдарының магистрі, жобадағы орны –  
ғылыми қызметкер, Профиль (ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7519-5821>)

Бекенова А.Б. техникалық ғылымдарының магистрі, жобадағы қызметі –  
кіші ғылыми қызметкер, Профиль (<https://orcid.org/0000-0001-8759-9682>) ID:  
57191253564

### **Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат:**

Дегерес тұқымды қойларды будандастыру нәтижесінде еділбай тұқымын өндіруші  
қошқарлардың тұқымымен бірінші ұрпақ будандардың тірі салмағы жоғарылайды,  
ерте жетіледі, сондай-ақ будандардың ет өнімділігі артады, жақсартылған будандар  
алынатын болады.